

Бюджеттік кредиттерді өндіріп алуға үмітсіз деп тану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 17 маусымдағы № 305 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 160-бабы 1-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік кредиттерді өндіріп алуға үмітсіз деп тану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі*

М. Такиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2025 жылғы 17 маусымдағы
№ 305 бұйрығымен
бекітілген

Ескерту. Қағиданың оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.06.2026 № 427 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бюджеттік кредиттерді өндіріп алуға үмітсіз деп тану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Бюджеттік кредиттерді өндіріп алуға үмітсіз деп тану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 160-бабы 1-тармағына сәйкес әзірленген және бюджеттік кредиттерді өндіріп алуға үмітсіз деп тану тәртібін айқындайды.

Қағидалар республикалық және жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша берешекке қатысты қолданылады.

2. Бюджеттік кредиттер, сондай-ақ мемлекеттік кепілдіктерді орындауға берілген қаражат бойынша өндіріп алуға үмітсіз берешек (бұдан әрі – бюджеттік кредиттер бойынша үмітсіз берешек) – 2005 жылға дейін республикалық және жергілікті бюджеттерден берілген бюджеттік кредиттер бойынша қарыз алушылардың, сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің), түпкілікті қарыз алушылардың мерзімі өткен, белгіленген мерзімдерде өтелмеген берешегі.

Бюджеттік кредиттер бойынша үмітсіз берешекке бюджеттік кредиттер беру туралы растайтын құжаттары (кредиттік шарттар, төлем құжаттары, қарыз алушылардың, сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің), түпкілікті қарыз алушылардың деректемелері) жоқ берешек жатады.

Бюджеттік кредиттер бойынша үмітсіз берешек негізгі борыш, ол бойынша сыйақы және өсімпұл бойынша республикалық және жергілікті бюджеттер алдындағы мерзімі өткен берешекті қамтиды (әрі қарай – бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешек).

3. Банкроттық және тарату сатысындағы қарыз алушылардың бюджеттік кредиті бойынша берешегі үмітсіз берешекке енгізілмейді.

2-тарау. Бюджеттік кредиттерді өндіріп алуға үмітсіз деп айқындау тәртібі

4. Мемлекеттік қазынашылық осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша растайтын құжаттары жоқ бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешек тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) жыл сайын ағымдағы жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей қалыптастырады. Тізілім мынадай ақпаратты қамтиды:

қарыз алушылардың/ сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің)/түпкілікті қарыз алушылардың атауы;

қарыз алушылардың/түпкілікті қарыз алушылардың салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН)/ бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН);

кредиттік шарттың нөмірі мен күні;

кредит валютасы;

кредит сомасы;

кредитті өтеу мерзімі;

2025 жылдың 1 қаңтарына мерзімі өткен берешек.

5. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган алынған Тізілім негізінде жыл сайын ағымдағы жылдың 1 тамызына дейін Тізілімде көрсетілген қарыз алушыларға қатысты 1990 жылғы 1 қаңтардан 1995 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде берілген бюджеттік кредиттерді аудару туралы төлем тапсырмаларының көшірмелерін беру туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) және жергілікті атқарушы органдарға сұрау салу жолдайды.

Ұлттық банк және жергілікті атқарушы органдар ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға төлем тапсырмаларының көшірмелерінің болуы/ болмауы туралы ақпаратты ұсынады.

6. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Тізілімде көрсетілген қарыз алушылардың белгіленген мерзімдерде мерзімі өткен өтелмеген берешегі туралы жаңа мәліметтерді белгіленген кезде Ұлттық банкке және жергілікті атқарушы органдарға қосымша сұрау салу жібереді.

7. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Ұлттық банктен және жергілікті атқарушы органдардан төлем тапсырмаларының көшірмелерінде көрсетілген қарыз алушылардың деректемелерін алғаннан кейін жыл сайын ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін заңды тұлғаларды тіркеу, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу, азаматтық хал актілері мен апостиль қою, жылжымайтын мүлікке құқықтарды, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру, заң қызметтері мен лицензиялауды ұйымдастыру саласындағы реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органға және архив ісі және құжаттамалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға:

бұйрықтардың көшірмелерін қоса бере отырып, қарыз алушыларды, түпкілікті қарыз алушыларды тарату немесе олардың банкроттығы туралы;

қарыз алушының немесе оның құқықтық мирасқорының ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды мекенжайы, салық төлеушілердің тіркеу/бизнес сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтерді беру туралы сұрау салу жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - – ҚР Қаржы министрінің 23.06.2026 № 427 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы жылдың 30 желтоқсанына дейінгі мерзімде "е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен және өтелмеген берешекті растайтын мынадай құжаттарды енгізеді:

төлем тапсырмаларының көшірмелері;

кредиттік шарттардың және оларға қосымша келісімдердің көшірмелері;

қарыз алушыны, түпкілікті қарыз алушыларды тарату немесе банкроттық туралы бұйрықтардың көшірмелері;

қарыз алушының қайтыс болуы туралы куәліктердің көшірмелері (олар болған кезде);

жылжымайтын мүлікке меншік құқығы (өзге де заттық құқық) туралы куәліктердің көшірмелері;

қарыз алушыны, түпкілікті қарыз алушыны банкрот деп тану туралы сот шешімдерінің көшірмелері;

кредитордың талаптарын қанағаттандырудан немесе ішінара қанағаттандырудан бас тарту туралы сот шешімдерінің көшірмелері.

9. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет қаражаты есебінен берілген бюджеттік кредиттерді өндіріп алуға үмітсіз деп тану жөніндегі Республикалық комиссияны (бұдан әрі – Республикалық комиссия) құрады.

Республикалық комиссияның құрамы мен ережесі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шешімімен бекітіледі.

10. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілген бюджеттік кредиттерді өндіріп алуға үмітсіз деп тану жөніндегі Өңірлік комиссия (бұдан әрі – Өңірлік комиссия) құрады.

Өңірлік комиссияның құрамы мен ережесі астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.06.2026 № 427 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Бюджеттік кредиттер бойынша берешекті өндіріп алуға үмітсіз деп тану туралы шешім қабылдау үшін кредиттік шарттардың және қарыз алушыға бюджеттік кредиттер қаражатын аудару туралы төлем құжаттарының, сондай-ақ кредитордың талап-арызын қанағаттандырудан немесе ішінара қанағаттандырудан бас тарту туралы сот шешімдерінің болмауы негіз болып табылады.

12. Кредитордың бюджеттік кредиттерді өндіріп алуға үмітсіз деп тану туралы шешімінің жобасы республикалық бюджет комиссиясының/ астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына жіберіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.06.2026 № 427 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Өндіріп алуға үмітсіз деп танылған бюджеттік кредиттер бойынша берешек кредитордың шешімі және республикалық бюджет комиссиясының/ астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде есептен шығаруға жатады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.06.2026 № 427 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бюджеттік кредиттерді өндіріп
алуға үмітсіз деп тану
қағидаларына қосымша

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша растайтын құжаттары жоқ бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешек тізілімі

Өлшем бірлігі: мың теңге

№	Қарыз алушыл ардың/ сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің)/ түпкілікті қарыз алушыл ардың атауы	Қарыз алушыл ардың/ түпкілікті қарыз алушыл ардың СТН/ БСН	Кредиттің шарттың нөмірі мен күні	Кредит валютасы	Кредит сомасы	Кредитті өтеу мерзімі	2025 жылдың 1 қаңтарына мерзімі өткен берешек теңгеде/валютада*			
							Негізгі борыш	Сыйақы	айыппұл	өсімпұл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескерту: * - егер валютада берілсе;

Аббревиатуранның толық жазуы:

СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі.